

Ерте-ерте ертеде көңілді үш ағайынды торайлар: Ақылды, Тентек және Өзілкеш өмір сүріпті. Олар ормандағы алаңқайда секіріп ойнап, өлең айтып, жылғаның суына шомылып жүреді екен. Бір күні Ақылды ағайындарына:

– Бауырларым, күз болса келіп қалды. Тастан қалап, есігін еменнен жасап, мықты үй салып алуымыз керек. Ондай үйде бізге қыстың да суығы өтпейді, қасқырдың да қолы жетпейді.

Ағайындылар іске кірісіп кетеді, бірақ әрқайсысы өзіне жеке үй салмақшы болады.





Тентек кешке дейін сабаннан тұрғызған үйшігін бітіріп, мақтанышпен қарап тұрады.

Келесі күні Өзілкеш те тақтай мен шыбықтан қалқайтып үй тұрғызады.

Ұзамай екеуі тоғайдағы алаңда секіріп, көңілді әнге басады: «Қорықпаймыз біз сенен, ақымақ қасқыр, сұр қасқыр...»

Ақылды қайткенде берік сарай тұрғызудың амалын ойлап, дамыл таппады. Ақыры, ол да үйін бітіреді!

Осы маңды торуылдап жүрген аш қасқыр торайлардың мақтанып айтқан әнін есітіп, қуанғанынан ұлып, сол жаққа беттейді.

– Ақымақ торайлар! Алдымен тасаға тығылып, сосын мақтаныңдар!

